

Қазақстан Республикасында мал шаруашылығын дамытудың 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 51 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мал шаруашылығын дамытудың 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары, өзге де ұйымдары (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын және көрсеткіштерге қол жеткізілуін қамтамасыз етсін;

2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі жылдың 15-і күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 29 қаңтардағы
№ 51 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасында мал шаруашылығын дамытудың 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспары

Кіріспе

Мал шаруашылығы саласы туралы

Мал шаруашылығы Қазақстан үшін ауыл шаруашылығының дәстүрлі әрі аса маңызды саласы болып табылады. Қазіргі уақытта мал шаруашылығының үлесі ауыл

шаруашылығы жалпы өнімінің шамамен 40 %-ын құрайды. Соңғы жылдары бұл салада өндіріс көлемі мен мал басының 2-3 % деңгейде белгілі бір өсімі байқалуда.

Саланың айтарлықтай әлеуетін ескерсек, қазіргі уақыттағы өсу қарқыны экспорттық мүмкіндіктерді толық көлемде ашып отырған жоқ. Ел жекелеген мал шаруашылығы өнімдері бойынша, атап айтқанда құс еті, ірімшік, сүзбе, және шұжық өнімдері бойынша импортқа тәуелді күйде қалып отыр.

Қазіргі уақытта мал шаруашылығы 11 қосалқы саладан тұрады: ет және сүт бағытындағы ірі қара мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, құс шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, марал шаруашылығы, балара шаруашылығы және қоян шаруашылығы.

Ет бағытындағы мал шаруашылығында берік асыл тұқымды ядро қалыптастырылған, оның қомақты бөлігі 2020 жылға дейін қолданылған "Сыбаға" бағдарламасы аясында жоғары сапалы асыл тұқымды ірі қара малды импорттау есебінен құрылған. Елде әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи бордақылау алаңдарының желісі қалыптасты, бұл саланың тиімділігін арттыру жолындағы маңызды қадам болды.

Сонымен қатар ет бағытындағы мал шаруашылығының өнімділігі әлі де төмен деңгейде. Мәселен, бұқашықтардың орташа тәуліктік салмақ қосуы тәулігіне шамамен 600-800 грамды құрайды, ал әлемдік стандарт бойынша бұл көрсеткіш орта есеппен тәулігіне 1800-2000 грамды құрайды.

Сүт бағытында заманауи тауарлық сүт фермаларын салу қызу жалғасуда. Кепіл саясаты икемді іске асырылып отырған бағдарлама кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Жеңілдетілген кредит беру мен субсидиялау тетігінің арқасында жобалардың өтелу мерзімі 15-17 жылдан 12 жылға дейін қысқаруда.

Аталған бағдарламаны іске асыру басталғалы бері осындай 100-ден астам ферма пайдалануға берілді. Бұл ретте Ресей Федерациясында соңғы 5 жылда 900-ден астам сүт кешені іске қосылған, Беларусь Республикасында шамамен 3 мың тауарлық сүт фермасы жұмыс істейді, олардың 1 683-і – заманауи фермалар, бұл жалпы фермалардың 56 %-ын құрайды.

Тауарлық сүт фермаларында бір бағымдағы сиырға шаққандағы орташа жылдық сүт сауымы 5 700 литрді құрайды, ал алдыңғы қатарлы фермаларда орта есеппен 10 000 литрге дейін жетеді, бұл Еуропаның жетекші сүт өндіруші елдерінің деңгейіне сәйкес келеді.

Қой және ешкі шаруашылығы әсіресе оңтүстік және батыс өңірлерде стратегиялық маңызға ие. Ұсақ мал басы қалпына келтіріліп, 20,2 млн басқа жетті. Қой етін экспорттауға деген қызығушылық артып келеді. Сонымен қатар салада төмен өнімділік

пен инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы сияқты мәселелер бар. Мәселен, тоқтының орташа тәуліктік салмақ қосуы тәулігіне 150-200 грамды құрайды, ал әлемдік стандарт бойынша бұл көрсеткіш тәулігіне 350-500 грамды құрайды.

Қазақстан **жылқы шаруашылығының** бірегей дәстүрлерін сақтап келеді. Жылқы басының тұрақты өсімі байқалуда: 1990 жылы олардың саны 1,6 млн басты құраса, бүгінгі таңда 4,4 млн басқа жетті. Сондай-ақ жылқы етіне, қымызға және сублимацияланған бие сүтіне ішкі нарықта да, шетелде де сұраныс артып келеді. Алайда жалпы алғанда бұл сектор негізінен экстенсивті болып қалып отыр және заманауи технологиялардың тапшылығын сезінуде.

Түйе шаруашылығы дәстүрлі түрде батыс және оңтүстік облыстарда шоғырланған. Бүгінгі таңда түйе саны шамамен 300 мың басты құрайды. Шұбат, сублимацияланған түйе сүті және ет сияқты өнімдерге сұраныс бар, алайда өндіріс көлемі әзірге шектеулі әрі тұрақсыз болып қалып отыр.

Құс шаруашылығы мал шаруашылығының қосалқы салалары арасында ерекше орын алады, жоғары даму қарқынын көрсетіп, ішкі нарықтағы ет пен жұмыртқа тұтынудың едәуір бөлігін қамтамасыз етуде. Соңғы бес жылда бірқатар инвестициялық жобаларды іске асырудың арқасында құс етімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 58 %-дан 79 %-ға дейін өсті. Тағамдық жұмыртқа бойынша Қазақстан импортқа толық тәуелсіздікке қол жеткізді.

Алайда инкубациялық жұмыртқаның, ата-енелік үйірлердің және азықтық қоспалардың әкелінуіне тәуелділік әлі де жоғары деңгейде сақталып отыр, бұл одан әрі өсу мен технологиялық жаңаруды тежейді.

Экспорттық жеткізілімдерді ұлғайту үшін шошқа шаруашылығының елеулі әлеуеті бар. Жұмыс істеп тұрған шаруашылықтар заманауи жабдықтармен жарақтандырылған және өндірістік көрсеткіштері жоғары. Сонымен қатар олардың саны әлі де шектеулі, ал асыл тұқымдық қор негізінен импорттық генетика есебінен қалыптасуда. Саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін отандық шаруашылықтарды сапалы асыл тұқымдық материалмен қамтамасыз ете алатын мамандандырылған генетикалық орталықтар құру қажет.

Марал шаруашылығының аясы тар, бірақ болашағы зор қосалқы сала болып табылады және Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстарында шоғырланған. Туризмнің дамуына байланысты қазақстандық панта өнімдеріне ішкі нарықта да, халықаралық нарықтарда да сұраныс жоғары, сондай-ақ оның экспорттық әлеуеті зор.

Қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар балара шаруашылығын дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады. Жыл сайынғы бал өндіру көлемі 5 мың тоннаға жетіп, белсенді түрде экспортқа шығаруға алғышарттар қалыптастырылған. Алайда омарталардың басым бөлігі өндірістік-өткізу тізбектеріне біріктірілмеген ұсақ шаруашылықтардан тұрады, бұл саланы ауқымды дамыту мен заманауи технологияларды енгізуді шектейді.

Қоян шаруашылығы енді ғана қолға алынуда және бірлі-жарым ұсақ шаруашылықтар айналысады. Дегенмен бұл қосалқы сала жоғары өсімталдығымен, рентабельділігімен және өндірістік шығынның төмендігімен ерекшеленеді, бұл оны кешенді қолдау көрсетіп, инвестиция тарту шартымен оның ішінде қоян шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехтарын құруға ең перспективалы салалардың біріне айналдырады.

Мал шаруашылығының барлық қосалқы салалары үшін айналым қаражатының жеткіліксіздігі тән және кредиттік ресурстарға қол жеткізу қиын. Бұл өз кезегінде мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетті өзіндік құнына әсерін тигізеді. Аталған мәселелерді шешу үшін азықты, мал басын, жанар-жағармай материалдарын, ветеринариялық препараттарды сатып алуға және өзге де ілеспе шығындарға арналған айналым қаражатын толықтыруға бағытталған жеңілдетілген кредиттік бағдарламаларды іске қосу қажет.

Тұқымдық және өнімділік сапасын арттыру, сондай-ақ асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларының басын көбейту үшін ел ішінде де, шетелде де асыл тұқымды мал сатып алуға арналған жеңілдетілген кредит беруді енгізу қажет. Мәселен, малды сырттан әкелу есебінен асыл тұқымды ірі қара мал басының саны 927,8 мың басқа жетіп, оның үлес салмағы 11 %-ке дейін ұлғайды, ал 2011 жылы бұл көрсеткіш 344,1 мың басты немесе жалпы мал басының 5,6 %-ын құраған. Бұл ретте отандық гендік қорды сақтау мақсатында ірі қара малдың қазақстандық ақбас және әуликөл тұқымдарын қоса алғанда, отандық мал тұқымын одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Отандық тұқым бойынша селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстары, оның ішінде селекциялық бағдарламаларды сүйемелдеуге ғылыми ұйымдардың қатысуын кеңейту, отандық мал тұқымын мақсатты түрде өсірумен айналысатын шаруашылықтарды ынталандыру тетіктерін енгізу және селекциялық және асылдандыру іс-шараларын жүргізуге мемлекеттік бақылауды күшейту есебінен күшейтіледі.

Сонымен қатар жануарларды көбейтудің заманауи технологияларын, атап айтқанда біржынысты ұрықты қолдана отырып қолдан ұрықтандыруды және эмбриондық өсіруді енгізу қажет.

Өсімдік шаруашылығында қабылданған шаралардың арқасында бүгінгі таңда елде жем-шөп мәселесі шешілген – нарықта қолжетімді жемдік астық жеткілікті. Алайда жайылымдық азық өндіру мәселесі әлі де өзекті болып отыр: жайылымдардың едәуір бөлігі тозған (27 млн гектар) және тиімді пайдаланылмайды. Осы бағытта 066 бағдарламасы ("Жайылымдардың тозуы мен шөлейттенуіне қарсы іс-шараларды жүргізу") шеңберінде жайылым алқаптарын түбегейлі жақсарту жөніндегі іс-шаралар арқылы жайылымдарды қалпына келтіру жұмыстары күшейтілетін болады.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының ет бағытындағы мал шаруашылығында өндірістік цикл жүйесін енгізу туралы жайылымдарды ұтымды және ротациялық пайдалануға басымдық бере отырып, көшпелі мал шаруашылығының әлеуеті

пайдаланылатын болады. Аталған міндетті іске асыру үшін жайылым инфрақұрылымын қамтамасыз етуге бағытталған көшпелі мал шаруашылығы жобаларын жеңілдетілген мөлшерлемелер бойынша бірыңғай кредиттік өнім арқылы қаржыландыру қажет.

Саланы техникамен қамтамасыз ету үшін азық дайындау техникасы мен жабдықтарын сатып алуға арналған жаңа кредиттік/лизингтік өнімді енгізу қажет.

Дегенмен кепілдікпен қамтамасыз ету мәселелерін шешпейінше, жоғарыда аталған кредит беру бағдарламаларын іске асыру мүмкін емес. Қамту деңгейі 85 %-ға дейінгі кепілдендіру тетігін енгізу қажет, ол фермерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін едәуір кеңейтуге, мал басының жаңартылуын арттыруға және мал шаруашылығы секторын жаңғыртуды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығының дамуын тежейтін негізгі факторлардың бірі – саланың жұмыскерлер үшін тартымдылығының жеткіліксіздігі болып қала береді. Мал шаруашылығы – үнемі айналысуды талап ететін, жыл бойы іркіліссіз жүргізілетін өндіріс. Ауылдық инфрақұрылымды қамтамасыз етумен қатар әлеуметтік жағдай жасау мәселесі де маңызды. Ең алдымен, бұл шопандар мен малшыларға қатысты, өйткені аталған санаттағы жұмысшылардың тапшылығы байқалуда.

Сондай-ақ салада кадр тапшылығы мәселесі де бар. Мал шаруашылығындағы нақты өндірістік процестерге бағытталған арнайы мамандарды даярлау қажет. Қазіргі таңда білім беру бағдарламаларының басым бөлігі тым жалпылама болып қалып отыр және жануарларды ұстаудың, көбейтудің және азықтандырудың заманауи технологиялары үшін қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз етпейді. Тар бейінді мамандану бағдарламаларын қалыптастыру және нақты өндіріс базасында дуальді даярлауды енгізу саладағы кадр тапшылығын жоюға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар саланы ғылыми сүйемелдеуді жүйелі түрде күшейту қажет. Бүгінгі күні ғылыми зерттеулер бытыраңқы түрде жүргізілуде және әрдайым өндірістің нақты сұраныстарына жауап бере бермейді. Мал шаруашылығын тиімді дамыту үшін ғылыми зерттеулер өндіріс сұранысымен тығыз интеграциялануға тиіс: зерттеу тақырыптары шаруашылықтардың нақты проблемалары негізінде қалыптастырылуы, тәжірибелік база кәсіпорындармен бірлесіп дамытылуы, ал алынған нәтижелер практикаға енгізілуі қажет.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің тұрақты өсуін, импортты алмастыруды және Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыруды қамтамасыз ететін негізгі факторға айналады.

Паспорт

		Қазақстан Республикасында мал шаруашылығын дамытудың 2026
--	--	---

1.	Атауы	– 2030 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар)
2.	Өзірлеу үшін негіз	2025 жылғы 8 қыркүйектегі "Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу" атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындау шеңберінде
3.	Іске асыру мерзімі	2026 – 2030 жылдар
4.	Өзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, СРИМ, МАМ, ОМ, Қорғанысмині, Еңбекмині, ҒЖБМ, ӨҚМ, ЖИЦДМ, ЭТРМ, СИМ, КМ, ЖАО, ЭСТО, "ҰАҒБО" КеАҚ, РП, "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ, "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" АҚ, "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ, "ҚазАгроҚаржы" АҚ, "Атамекен" ҰКП, ЕДБ, ӘКК
5.	Кешенді жоспарды қабылдаудың қажеттігі туралы негізгі проблемалар мен оларды шешу міндеттері көрсетілген қысқаша ақпарат	Кешенді жоспарды қабылдаудың қажеттігі мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша импортқа тәуелділіктің сақталуына, ауыл шаруашылығы жануарлары өнімділігінің әлемдік стандарттармен салыстырғанда төмен болуына, ауыл шаруашылығы жануарларының санын және мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру бойынша айтарлықтай әлеуетті болуына негізделеді. Кешенді жоспарды іске асыру ішкі нарықты мал шаруашылығы өнімдерімен толық қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті нығайтуға мүмкіндік береді.

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, млн теңге	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	------------------	----------------------	--------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
Күтілетін нәтижелер:						
1. ІҚМ басын 7,9 млн-нан 12 млн басқа дейін, ұсақ мал басын 20,2 млн-нан 28 млн басқа дейін, жылқыны 4,8 млн-нан 7,0 млн басқа дейін ұлғайту (Кешенді жоспарға 1-қосымша).						

2. Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері бойынша ет өндіру көлемін 1,2 млн тоннадан 1,8 млн тоннаға дейін арттыру (Кешенді жоспарға 2-қосымша).
3. Ауыл шаруашылығы құралымдарында сүт өндіру көлемін 1,4 млн тоннадан 2,1 млн тоннаға дейін ұлғайту (Кешенді жоспарға 3-қосымша).
4. Ет экспортын 82 мың тоннадан 165 мың тоннаға дейін 2 есеге арттыру.

1. Ауыл шаруашылығы жануарларының санын арттыруға ынталандыру жөніндегі шаралар

1.1. Мал шаруашылығы саласында субсидиялау және кредит беру

1.	Қолданыстағы Қағидалар шеңберінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауды жүзеге асыру	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
2.	Бір жынысты тұқым сатып алу құнын 18 мың теңгеге дейін және ірі қара мал эмбриондарын сатып алу құнын 120 мың теңгеге дейін арзандатуға арналған нормативті ұлғайту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
3.	Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін сүт өндіру құнын арзандатуды субсидиялау тетігін қайта қарау	Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	2026 жылғы желтоқсан	АШМ	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
4.	Мал шаруашылығының оның ішінде мал өсіру шаруашылықтары үшін (ІҚМ, ҰМ, құс шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, балара шаруашылығы, қоян шаруашылығы және марал шаруашылығы) бағыттарды кеңейте отырып, жылдық 5 % мөлшерлеменен айналым қаражатын толықтыруға арналған жеңілдетілген кредит бағдарламасын іске асыру	А Ө К субъектілері мен жасалған кредиттік шарттар	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО, "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	2026 жыл – 104 000 млн теңге; 2027 жыл – 250 000 млн теңге; 2028 жыл – 250 000 млн теңге; 2029 жыл – 250 000 млн теңге; 2030 жыл – 250 000 млн теңге.	ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты
					2026 жыл – 260 000 млн	

5.	Ауыл шаруашылығы жануарларының жоғары өнімді мал басын сатып алуға жылдық 6 %-бен жаңа кредиттік өнім енгізу	А Ө К субъектілері мен жасалған кредиттік шарттар	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО, "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	теңге; 2027 жыл – 300 000 млн теңге; 2028 жыл – 300 000 млн теңге; 2029 жыл – 300 000 млн теңге; 2030 жыл – 300 000 млн теңге.	ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты
6.	Азық дайындау техникасы мен жабдықтарды, оның ішінде өздігінен жүретін және тіркемелі азықтаратқыштарды, сондай-ақ мобильді/модульді азық дайындау цехтарын сатып алуға жылдық 5 %-бен лизингтік өнімді іске асыру	А Ө К субъектілері мен жасалған лизинг шарттары	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО, "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	2026 жыл – 50 000 млн теңге; 2027 жыл – 50 000 млн теңге; 2028 жыл – 50 000 млн теңге; 2029 жыл – 50 000 млн теңге; 2030 жыл – 50 000 млн теңге.	ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты
7.	Ет бағытындағы мал шаруашылығы жобаларын, оның ішінде жайылымдық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін қаржыландыруға бағытталған жылдық 6 %-бен бірыңғай кредиттік өнім енгізу	А Ө К субъектілері мен жасалған кредиттік шарттар	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО, "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	2026 жыл – 50 000 млн теңге; 2027 жыл – 50 000 млн теңге; 2028 жыл – 50 000 млн теңге; 2029 жыл – 50 000 млн теңге; 2030 жыл – 50 000 млн теңге.	ЕДБ мен қаржы институттарының тартылған қаражаты
8.	– Шалғайдағы мал шаруашылығы жобаларын; – асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларының басын сатып алуды; – мал шаруашылығына арналған айналым қаражатын толықтыруды "ДАМУ" кәсіпкерлікті	А Ө К субъектілері мен жасалған кепілдік	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, ЖАО, "Бәйтерек"	2026 жыл – 29 800 млн теңге 2027 жыл – 40 300 млн теңге; 2028 жыл – 40 300 млн теңге; 2029	ЖБ

	дамыту қоры" АҚ арқылы 85 %-ға дейін жабу деңгейімен қаржыландыруға арналған кредиттерді кепілдендіру тетігін енгізу	беру туралы шарттар		ҰИХ" АҚ (келісу бойынша)	жыл – 40 300 млн теңге; 2030 жыл – 40 300 млн теңге.	
9.	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға жылдық 2,5 %-бен жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы аясында мал шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды іске асыру (ӘКК арқылы)	пайдалануға беру актісі	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	РБ
10.	Инвестицияға тапсырыс беру шеңберінде "АНК" АҚ және ЕДБ арқылы қаржыландыру жолымен мал шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды іске асыру	пайдалануға беру актісі	жыл сайын	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО, ЕДБ (келісу бойынша)	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	РБ
11.	"Ауыл аманаты" бағдарламасы аясында мал шаруашылығы жобаларына кредит беру	АӨК субъектілері мен жасалған кепілдік беру туралы шарттар	жыл сайын	ҰЭМ, ЖАО, АШМ	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	РБ

1.2. Асыл тұқымдық істі және селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты дамыту

12.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа мемлекеттік бақылауды күшейту бөлігінде асыл тұқымды мал шаруашылығының заңнамалық базасын жетілдіру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы I тоқсан	АШМ, ҰЭМ, "ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша), РП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
13.	Қой шаруашылығында асыл тұқымдық құндылықты бағалаудың (индекстік бағалау) заманауи әдістеріне біртіндеп көшу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы I тоқсан	АШМ, ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша), РП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
14.	Ірі қара малдың асыл тұқымдық қасиеттерін	АШМ-ға		"ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша),		-

	бағалауды болжау үшін геномдық талдау технологиясын енгізу	ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	РП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
15.	Ірі қара малға геномдық талдау жүргізу шығындарын субсидиялау мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы II тоқсан	АШМ	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
16.	Қазақстанның ауа райы жағдайларына бейімделген және өнімділік сапасы жақсартылған мал шаруашылығы мен қой шаруашылығындағы жаңа селекциялық жетістіктерді шығару бойынша жұмысты жалғастыру	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	"ҰАҒББО" КеАҚ келісу бойынша), РП (келісу бойынша)	(қолда бар бюджет қаражаты шегінде	РБ
17.	САТЖАҚ цифрлық платформасын жүргізілетін селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды есепке алудың кеңейтілген функционалымен жетілдіру	техникалық құжаттама	2027 жылғы II тоқсан	АШМ, ЖИЦДМ, ЭСТО (келісу бойынша), "ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді	-

1.3. Мал шаруашылығы саласын ғылыми қамтамасыз ету

18.	Жұмыс істеп тұрған озық мал шаруашылықтары базасында тауарлық сүт фермалары, репродуктор, бордақылау алаңдары, азық өндірісі бағыттары бойынша ғылыми материалдармен қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік-жекешелік әріптестік форматында әр облыста оқу орталығын құру мәселесін пысықтау	АШМ-ға ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	"ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша), АШМ	талап етілмейді	-
	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін мал шаруашылығының барлық салалары	АШМ-ға	жыл сайын 2 5	"ҰАҒББО" КеАҚ (267 " Білімнің және ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру " бағдарламас	

19.	бойынша білім тарату мақсатында өтеусіз семинарлар мен вебинарлар өткізу	есептер	желтоқсанға дейін	келісу бойынша)	ының 101-кіші бағдарламасы шеңберінде көзделген қолда бар бюджет қаражаты шегінде	РБ
20.	Мал шаруашылығындағы селекцияға инновациялық технологияларды енгізу	АШМ-ға ақпарат	2026 – 2028 жылдар	ЖАО	019 "Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер" бағдарламасы шеңберінде көзделген қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
21.	ІҚМ-ның, қойдың және жылқының әрбір тұқымы бойынша селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жоспарын әзірлеу және қабылдау	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	РП (келісу бойынша), "ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
22.	Аграрлық жоғары оқу орындарында "Мал шаруашылығы" бағыты бойынша мамандарды даярлауды қайта қарау, оның ішінде "Зоотехния" білім беру бағдарламасын шығару мәселесін қарау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, "ҰАҒББО" КеАҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
1.4. Берік азықтық базаны және жайылымдық инфрақұрылымды құру						
23.	Кешенді жоспарға 4-қосымшаға сәйкес егіс алаңдарын азықтық дақылдар егісін ұлғайту бағытына қарай әртараптандыру	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	ЖАО	талап етілмейді	-
24.	Облыстар бөлінісінде жерасты суларымен				қолда бар бюджет	РБ

	қамтамасыз ету карталарын әзірлеу	электрондық карта	2027 жылғы I тоқсан	СРИМ, АШМ	қаражаты шегінде	
25.	Азықтық дақыл тұқымын сатып алу кезінде өтемақы үлесін 20 %-ға ұлғайту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
26.	Суармалы жерлерді азықтық дақылдар үшін ауыл шаруашылығы айналымына тарту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	жыл сайын	АШМ, СРИМ, ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
27.	Инвестициялық субсидиялау бағдарламасы шеңберінде премикстер мен азықтық қоспаларды шығаратын кәсіпорындар құруға ынталандырудың жаңа тетіктерін әзірлеу және енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
28.	Жайылымдарды суландыру есебінен олардың жаңа алқаптарын айналымға енгізу	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
29.	066 "Жайылымдардың тозуына және шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды өткізу" бағдарламасы шеңберінде қаражат бөлу арқылы ауылдық елді мекендердің айналасындағы жайылымдық алқаптарды түбегейлі жақсарту	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	ЖАО	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
30.	Жерді жалға алу шарттарына жайылымдық алқаптардың тозуына жол бермеу және жер пайдаланушылардың жыл сайын жайылымдарды түбегейлі (жайылымдардың жалпы алаңының 1 %-ынан кем емес) және үстірт (жайылымдардың жалпы алаңының 5 %-ынан кем емес) жақсарту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, ЖАО	талап етілмейді	-

	жұмыстарын жүргізуі жөніндегі міндетті норманы енгізу мәселелерін қарастыру					
31.	10 мың гектардан астам егіс алқабы бар, бірақ мал шаруашылығымен айналыспайтын жер пайдаланушылар үшін егіс алқаптарының кемінде 15 %-ін азықтық дақылдарға пайдалану бойынша талаптар енгізу арқылы өсімдік шаруашылығымен айналысатын ірі жер пайдаланушыларды мал шаруашылығына тарту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, ЖАО	талап етілмейді	-
1.5. Мал шаруашылығы саласының тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралар						
32.	"Мал шаруашылығы" бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысына квота беру мәселесін пысықтау: – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында міндетті түрде 3 (үш) жыл бойы еңбекпен өтеу; – жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) түлектерді жұмысқа	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы I тоқсан	ҒЖБМ, АШМ, ЖАО, ҰЭМ	талап етілмейді	-

	орналастыру бойынша жауапкершілігін айқындау					
33.	<p>Университеттермен, жұмыс берушілермен және колледждермен бірлесіп, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды аграрлық мамандықтарға ерте кәсіптік бағдарлау бойынша пилоттық жобаны ұйымдастыру мәселесін пысықтау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат</p>	<p>2026 жылғы тамыз</p>	<p>ОМ, ҒЖБМ, АШМ, "ҰАҒБО" КеАҚ келісу бойынша), ЖАО</p>	<p>" (талап етілмейді</p>	-
34.	<p>Мал шаруашылығы мен ветеринария саласында кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасына қойылатын талаптарды күшейту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат</p>	<p>жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін</p>	<p>ҒЖБМ, "ҰАҒБО" КеАҚ келісу бойынша), АШМ</p>	<p>" (талап етілмейді</p>	-
	Магистратурада, оның					

35.	ішінде бөлінген гранттарды қайта бөлу арқылы тар бейінді ветеринариялық мамандарды даярлау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 – 2029 жылдар	АШМ, ҒЖБМ, ҰАҒБО" КеАҚ келісу бойынша)	" қолда бар бюджет (қаражаты шегінде	РБ, ЖБ
36.	Мал шаруашылығы саласындағы мамандар үшін ауылда, кентте, ауылдық округте жалдамалы тұрғын үй салған жұмыс берушілерді мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру, оның ішінде құрылыспен жобалау-сметалық құжаттамааны әзірлеу шығындарын ескеріп отырып, құрылыс құнының 50% - і деңгейінде норматив белгілеу және ең жоғары құнға лимит белгілеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	ӨҚМ, ҰЭМ	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	РБ
	Жұмыс орындарын субсидиялауды бақташылар					

37.	мен шопандарға қолдануды кеңейту мәселесін пысықтау, қажет болған жағдайда нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, АШМ, ҰЭМ, ЖАО	талап етілмейді	-
38.	Әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында шалғайдағы мал шаруашылығындағы қойшылар (шопандар) мен бақташылардың кәсіптерін зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер тізбесіне енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2026 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, АШМ, ҰЭМ	талап етілмейді	-
39.	Зиянды еңбек жағдайларында еңбек өтілін қалыптастыру кезінде шалғайдағы мал шаруашылығындағы қойшылар (шопандар) мен бақташылардың жеңілдікті	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы I тоқсан	Еңбекмині	талап етілмейді	-

	өтілін есептеу бөлігіндегі мәселені пысықтау					
40.	Бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру және мәдениет арқылы қойшы (шопан), бақташы, малшы, сауыншы, бұзау бағушы, сақманшы және құс өсіруші мамандықтарының беделін арттыру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы III тоқсан	А Ш М, М А М, Еңбекмині, ОМ	талап етілмейді	-
41.	Қоршаған ортаға теріс әсер ететін мал шаруашылығы объектілері санаттарына жатқызуды қайта қарау бөлігінде, мал басының саны бойынша шекті мәнді ұлғайту бағытында мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы желтоқсан	А Ш М, ЭТРМ, ҰЭМ	талап етілмейді	-
1.6. Ветеринариялық қауіпсіздікті дамыту және мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық нарықтарын кеңейту						
	Жергілікті атқарушы органдарды ветеринариялық					

42.	<p>объектілермен қамтамасыз ету:</p> <ul style="list-style-type: none"> – ветеринариялық станцияларды сатып алу; – ветеринариялық пункттерді сатып алу; – мал қорымдарын сатып алу 	АШМ-ға ақпарат	2026 – 2027 жылдар	ЖАО, АШМ	2026 жыл – 36 382 млн теңге; 2027 жыл – 29 818 млн теңге	ЖБ
43.	Сібір жарасы көмінділерінен ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестендіру, оның ішінде бетон қоршауларын орнату, ескерту (көрсеткіш) тақтайшаларын қою және басқа да шаралар	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	ЖАО, АШМ	қолда бар бюджет қаражаты шегінде	ЖБ
44.	Тірі асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарлары және мал шаруашылығы өнімін әкету мәселесін пысықтау	хаттамалармен ветеринариялық сертификаттар	жыл сайын	АШМ	талап етілмейді	-
	Ветеринария саласындағ					

45.	<p>ы акпараттық базаны жетілдіру: - бірыңғай платформа құру арқылы цифрлық шешімдерді жаңғырту; - Мемлекетті к кірістер комитетінің акпараттық жүйесімен интеграцияла у; - ветеринария лық препараттар дың өндіруден бастап өткізу, қолдану және кәдеге жаратуға дейінгі барлық кезеңдерде қадағалану ын қамтамасыз ету мақсатында ветеринария лық препараттар дың айналымын бақылау жөніндегі акпараттық жүйені әзірлеу және енгізу</p>	техникалық құжаттама	жыл сайын	АШМ, ЖИЦДМ, ЭСТО	-	нарықтан тартылған қаражат
	Мал шаруашылы ғы өнімдерін қадағалау					

46.	мақсатында қоғамдық тамақтану объектілерінің ветеринариялық санитариялық сараптама" модуліне қосу	техникалық құжаттама	жыл сайын	АШМ, ОМ, ҒЖБМ, Қорғанысмині, ҰЭМ, ЖИЦДМ	талап етілмейді	-
47.	Ветеринария саласындағы заңнаманы жетілдіру	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 жылғы желтоқсан	АШМ	талап етілмейді	-
48.	Ветеринария саласындағы мамандардың жалақысын арттыру және оларды арнайы киіммен қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	2027 – 2028 жылдар	ЖА О, АШМ	2027 жыл – 23 878,2 млн теңге; 2028 жыл – 22 588,7 млн теңге	РБ

1.7. Нарықтарды дамыту және ішкі нарық үшін компенсаторлық тетіктерді енгізу

49.	Сиыр етін экспорттаушылар үшін экспорт көлемінің кемінде 15 %-ын ішкі нарыққа жеңілдетілген бағамен жеткізу жөніндегі міндеттемені енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	жыл сайын	АШМ, СИМ, ҰЭМ, Қаржымині	талап етілмейді	-
	Жаңа нарықтарды ашу және мал шаруашылығы					

50.	өнімдерін экспорттауды жүзеге асыру үшін қазақстандық кәсіпорындарды отандықтауар өндірушілер тізіліміне енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ақпарат	жыл сайын	АШМ, ӨҚМ, СИМ	талап етілмейді	-
1.8. Мал шаруашылығында заманауи технологияларды енгізу						
51.	Ауыл шаруашылығы жануарларының цифрлық есепке алу және қадағалау үшін RFID-биркаларды (чиптер мен алқалар) қолдануды кеңейту	АШМ-ға ақпарат	2026 жылғы наурыз	ЖАО	талап етілмейді	-
52.	Жайылымдарды қоршауға арналған электрлі қоршауларды қолдану, сондай-ақ малды мониторингтеу үшін ПҰА пайдалану	АШМ-ға ақпарат	жыл сайын	ЖАО	талап етілмейді	-
53.	Өнімділікті болжау және табынды басқару үшін жасанды интеллектін қолдану	АШМ-ға ақпарат	2027 – 2028 жылдар	ЖАО	талап етілмейді	-

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

"Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ – "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

АӨК – агроөнеркәсіптік кешен

"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

"АНК" АҚ – "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамы

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

ӘКК – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары

"Бәйтерек" ҰИХ" АҚ – "Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" акционерлік қоғамы

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ЖБ – жергілікті бюджет

ЖИЦДМ – Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі

ЖОО – жоғары оқу орны

"ҚазАгроҚаржы" АҚ – "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамы

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

КМ - Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

ПҰА – пилотсыз ұшу аппараты

РБ – республикалық бюджет

РП – "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі №278 Қазақстан Республикасы Заңы аясында құрылған асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі республикалық палаталар

САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры (асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындаған оператор жүргізетін, жануарлардың генетикалық әлеуетін жетілдіру және арттыру үшін, сондай-ақ асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу үшін пайдаланылатын, асыл тұқымды жануарлар және селекциялық процеске тартылатын жануарлар туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өңдеудің автоматтандырылған жүйесі)

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

СРИМ – Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі

"ҰАҒБО" КеАҚ – "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҰМ – ұсақ мал

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ІҚМ – ірі қара мал

ЭСТО – "Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық саясаттың талдау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі

RFID – Radio Frequency Identification (тег (белгі) пен арнайы оқу құрылғысы арасындағы өзара әрекетке негізделген радиосигналдар арқылы жануарларды автоматты түрде сәйкестендіру тәсілі)

Қазақстан Республикасында
мал шаруашылығын дамытудың
2026 – 2030 жылдарға арналған
кешенді жоспарына 1-қосымша

Ірі қара мал басының саны, мың бас

Өңірлер	2026	2027	2028	2029	2030
Абай	781	836	911	1 011	1 143
Ақмола	386	413	451	500	565
Ақтөбе	630	674	735	816	922
Алматы	614	657	716	795	899
Атырау	249	266	290	322	364
Ш ы ғ ы с Қазақстан	387	415	452	502	567
Жамбыл	464	497	541	601	679
Жетісу	513	549	599	665	751
Батыс Қазақстан	1 075	1 150	1 254	1 392	1 573
Қарағанды	449	481	524	582	657
Қостанай	411	439	479	531	601
Қызылорда	389	416	453	503	568
Маңғыстау	22	24	26	29	32
Павлодар	499	534	582	646	730
Солтүстік Қазақстан	298	319	348	386	436
Түркістан	1 160	1 241	1 353	1 502	1 697
Ұлытау	150	161	175	194	220
Қазақстан Республикасы	8 479	9 072	9 889	10 976	12 403

Ұсақ мал басының саны, мың бас

Өңірлер	2026	2027	2028	2029	2030
---------	------	------	------	------	------

Абай	1 211	1 283	1 373	1 483	1 616
Ақмола	561	594	636	687	748
Ақтөбе	1 254	1 329	1 423	1 536	1 675
Алматы	2 591	2 746	2 938	3 173	3 459
Атырау	573	607	650	702	765
Ш ы ғ ы с Қазақстан	568	602	644	696	758
Жамбыл	3 385	3 588	3 839	4 147	4 520
Жетісу	1 621	1 719	1 839	1 986	2 165
Батыс Қазақстан	1 451	1 538	1 645	1 777	1 937
Қарағанды	716	758	812	876	955
Қостанай	450	477	511	552	601
Қызылорда	654	693	742	801	873
Маңғыстау	308	326	349	377	411
Павлодар	654	693	742	801	873
Солтүстік Қазақстан	430	455	487	526	573
Түркістан	4 609	4 886	5 228	5 646	6 154
Ұлытау	228	241	258	279	304
Қазақстан Республикасы	21 263	22 539	24 116	26 046	28 390

Жылқы саны, мың бас

Өңірлер	2026	2027	2028	2029	2030
Абай	434	466	508	561	629
Ақмола	265	285	311	343	384
Ақтөбе	424	456	497	549	615
Алматы	265	285	311	343	384
Атырау	166	179	195	215	241
Ш ы ғ ы с Қазақстан	243	261	284	314	352
Жамбыл	209	224	245	270	303
Жетісу	216	232	253	280	314
Батыс Қазақстан	350	376	410	453	507
Қарағанды	423	455	496	548	613
Қостанай	190	204	222	246	275
Қызылорда	292	313	342	377	423
Маңғыстау	148	160	174	192	215
Павлодар	337	362	395	436	489
Солтүстік Қазақстан	166	179	195	215	241
Түркістан	523	562	612	677	758

Ұлытау	198	213	232	257	287
Қазақстан Республикасы	4 848	5 212	5 681	6 278	7 031

Қазақстан Республикасында
мал шаруашылығын дамытудың
2026 – 2030 жылдарға арналған
кешенді жоспарына 2-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері бойынша ет өндіру көлемі, мың тонна

Өңірлер	2026	2027	2028	2029	2030
Абай	92,6	100,9	108,5	118,8	132,1
Ақмола	150,5	157,3	166,4	178,6	194,8
Ақтөбе	60,8	64,5	69,6	76,6	85,7
Алматы	191,1	203,5	222,2	257,6	301,1
Атырау	30,3	32,2	34,8	38,3	42,8
Шығыс Қазақстан	114,1	120,3	128,6	138,8	153,8
Жамбыл	77,6	81,8	92,2	110,6	137,0
Жетісу	60,1	64,0	68,9	75,7	84,5
Батыс Қазақстан	49,3	55,2	59,4	65,0	72,4
Қарағанды	63,2	67,0	72,1	78,9	88,1
Қостанай	38,2	43,3	46,4	50,5	56,1
Қызылорда	22,9	24,3	26,3	29,0	32,4
Маңғыстау	14,4	15,2	16,2	17,5	19,2
Павлодар	64,2	68,0	73,0	79,8	88,7
Солтүстік Қазақстан	50,4	63,6	68,2	74,3	83,4
Түркістан	134,2	157,0	169,1	185,4	206,7
Ұлытау	15,2	16,1	17,5	19,3	21,6
Қазақстан Республикасы	1 229,1	1 334,1	1 439,3	1 594,5	1 800,4

Қазақстан Республикасында
мал шаруашылығын дамытудың
2026 – 2030 жылдарға арналған
кешенді жоспарына 3-қосымша

Ауыл шаруашылығы құралымдарындағы сүт өндіру көлемі, мың тонна

Өңірлер	2026	2027	2028	2029	2030
Абай	112	119	126	135	146
Ақмола	98	104	111	120	132
Ақтөбе	52	54	55	57	59
Алматы	131	147	166	190	220
Атырау	8	8	8	8	9

Ш ы ғ ы с Қазақстан	128	135	143	153	167
Жамбыл	48	49	50	52	55
Жетісу	63	66	71	77	85
Батыс Қазақстан	60	62	64	67	69
Қарағанды	102	105	109	114	122
Қостанай	98	105	114	124	139
Қызылорда	12	12	13	13	14
Павлодар	181	195	211	230	250
Солтүстік Қазақстан	260	280	303	330	370
Түркістан	133	138	143	150	161
Ұлытау	50	50	51	52	53
Шымкент қаласы	32	33	35	38	41
Қазақстан Республикасы	1 567	1 663	1 774	1 909	2090

Қазақстан Республикасында
мал шаруашылығын дамытудың
2026 – 2030 жылдарға арналған
кешенді жоспарына 4-қосымша

Азықтық дақылдар егілетін алқаптарды кеңейту, мың га

Өңірлер	2026	2027	2028	2029	2030
Абай	137	143	151	158	166
Ақмола	353	370	389	408	429
Ақтөбе	264	274	285	297	308
Алматы	204	210	219	226	235
Атырау	5	5	5	5	5
Ш ы ғ ы с Қазақстан	132	137	142	148	154
Жамбыл	186	188	190	197	206
Жетісу	96	100	104	108	112
Батыс Қазақстан	210	224	240	257	273
Қарағанды	195	210	230	245	255
Қостанай	559	581	604	628	645
Қызылорда	74	78	82	86	90
Павлодар	264	282	302	313	325
Солтүстік Қазақстан	405	420	435	450	460
Түркістан	230	246	263	282	301
Ұлытау	5	5	5	5	5
Қазақстан Республикасы	3 319	3 473	3 646	3 813	3 969

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК